

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ» МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №1**

**Қатысқаны:** директор, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібі:**

1. ӘБ-ның жаңа 2022/2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту.
  - 2022-2023 оқу жылына арналған ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру, түзету және жоспарлау;
  - 2022-2023 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу іс-шараларын бекіту;
  - 2022-2023 оқу жылында әкімшілік бақылау жұмыстарын, кесінділерді, тестілерді жүргізу кестесін қарау және бекіту;

**С.Айкишева**
2. Ғылыми жобалардың тақырыптарын бекіту.

**С.Диханбаева**
3. ББД «кіріс» бақылауын жүргізу және оны талдау. Нәтижелер негізінде оқу процесінің мақсаттарын тұжырымдау.

**С.Айкишева**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. 2022 - 2023 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Жаңа 2022 - 2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды. 2022 – 2023 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітуге көрсетті.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Диханбаева С.А. – мектепшілік «Дарын» тобының жетекшісі. Мектептегі ғылыми жоба — ғылыми жарыс, яғни жобадан әр салаға байланысты тың идеялар күтіледі. Жалпы ғылыми жобалар оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық жұмыстарын ынталандыру; сыни ойлауын дамыту және еліміздің интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға үлес қосу мақсатында ұйымдастырылады. Оқушыны шығармашылыққа баулу үшін оның танымдық қызығушылығын арттыру бағытында едәуір жұмыстар жаңа оқу жылына жоспарланып отыр. Мектепшілік «Дарын» шығармашылық тобының жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. Білім беру саласындағы инновациялармен байланысты динамикалық өзгерістер мектеп әкімшілігінен білім беру процесін тиімді іске асыру үшін өзгерістерді жоспарлау мен басқаруда жаңа тәсілдерді талап етеді. Білім беру ұйымының заманауи басшысында басқару құзыреттілігі болуы тиіс, өзінде стратегиялық көшбасшылық дағдыларын дамыта отырып, бүкіл мектеп командасының тиімді жұмыс нәтижесін көрсете алуы керек. Білім беру процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепшілік бақылауды сапалы жоспарлау мен жүзеге асыру маңызды. Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын мектепшілік бақылау жоспары құрылады.

*Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:*

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;

3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Барлық бағытқа назар аударатырып, мектеп әкімшілігі оқу жылының соңында бақылау объектілерін анықтап және нақты білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін жетілдіру идеясына бағытталған басқару шешімдерін қабылдайды. Мектепшілік бақылау жоспарын іске асыру бойынша әзірленген Нұсқаулық мектеп басшысы мен орынбасарларын қамтитын басқару тобына мектепшілік бақылауды іске асыруға жауапты барлық бағыттар бойынша тиімді басқару шешімдерін қабылдаудың моделін құруға көмектеседі.

#### **Шешімі:**

1. 2022-2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекітілсін;
2. 2022-2023 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу іс-шаралары бекітілсін;
3. 2022-2023 оқу жылында әкімшілік бақылау жұмыстарын, кесінділерді, тестілерді жүргізу кестесі бекітілсін;
4. Мектепшілік «Дарын» шығармашылық тобының жұмыс жоспары бекітілсін;
5. 2022 – 2023 оқу жылында мектепшілік бақылау жұмысының жоспары ай сайын құрылып, жұмыс тиісті деңгейде жүргізілсін.

*Жиналыс төрағасы:*

*Хатшы:*



*С.Т.Абдиқаримова*

*Г.Б.Абдрахманова*

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ» МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №2**

**Қатысқаны:** директор, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібі:**

1. Мектепте оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру. «Ғылым апталығы-2023 ж.» өткізу;  
**С.Диханбаева**
2. «Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша мұғалімнің жұмыс жүйесі, үлгерімі нашар оқушылармен мұғалімнің жұмысын ұйымдастыру» тақырыбына пәндік әдістемелік онкүндік өткізу бойынша жұмысты дайындау және ұйымдастыру;  
**С.Досмағамбетова**
3. Мектепшілік ғылыми жобалар жарыстарын дайындау және өткізу бойынша сараптамалық топ құру;  
**С.Айкишева**
4. ЕБҚ бар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру;  
**Г.Макажанова**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Диханбаева С.А. – мектепшілік «Дарын» тобының жетекшісі. Мектепте оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру мақсатында «Ғылым апталығы - 2023» мектепшілік байқауы ұйымдастырылғалы отыр. Байқауға 4 – 8 сынып оқушылар қатысады. Байқау кіріспе кезеңнен басталады. Жалпы ғылыми жоба, ғылыми жұмыс деген не? Жоба қалай құрылып жазылады? Жобадағы жетекші мен орындаушының рөлі деген не? – деген сұрақтардың барлығына тоқталатын боламыз. Мысал ретінде өткен оқу жылдары жазған жобаларға тоқталып, оқушылардың жұмыстарын көрсетеміз.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Досмағамбетова С.А. – директордың оқу ісі орынбасары. Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша мұғалімнің жұмыс жүйесі, үлгерімі нашар оқушылармен мұғалімнің жұмысын ұйымдастыру бойынша пәндік әдістемелік онкүндік жұмыстарына дайындық жайлы айтты. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке-дара қосымша сабақтар өткізу кестесі мен пән мұғалімдерінің жұмыс жоспары құрылғандығы жайлы айтты.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. 2022 – 2023 оқу жылы мектебімізде дарынды оқушылармен жұмыс жасайтын екі топ бар, олар бастауыш сынып оқушылары үшін «Зерде» шығармашылық тобы, орта және жоғары буын оқушылары үшін «Дарын» шығармашылық тобы. Мектепшілік шығармашылық топтардың жылдық жұмыс жоспары құрылып, жұмыс бағыттар бойынша жүргізілуде. Алдағы орындалатын жоба жұмыстарының кестесі құрылған, оқушылар мен жоба жетекшілері жұмыс барысында.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Макажанова Г.К. – мектеп психологі. Мектебімізде ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға колдау көрсету жұмыстары ұйымдастырылған. Мектебімізде ерекше білімді қажет етеін 6 оқушы бар. Әр сынып жетекшісі мен сабақ беретін пән мұғалімдері таныс. Жоспарға сай жұмыс түрлері орындалуда. Инклюзивті

- мектеп ортасын дайындауда келесі міндетті шарттарды сақтауды көздейді:
- оқушының мүмкіндіктеріне қарамастан педагогтардың әрбір оқушыны теңдей қабылдауы;
  - білім беру процесінің барлық қатысушылары мен техникалық қызметкерлердің төзімді мінез-құлық мәдениетімен қамтамасыз ету;
  - ЕБҚ бар оқушының жақын даму аймағына сәйкес оқу мақсаттарын анықтау;
  - ЕБҚ бар оқушыны оқудан тыс мектеп іс-шараларына қосу;
  - оқушыға қолдау көрсетуде отбасы әлеуетін пайдалану.

**Шешімі:**

1. Мектепшілік шығармашылық топ жұмыстары жоспарқа сай жүргізілсін;
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс кестеге сәйкес орындалсын;
3. ЕБҚ қажет етеін оқушылармен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіліп, жұмыс жүргізілсін.

*Жиналыс төрағасы:*  
*Хатшы:*



*С.Т.Абдиқаримова*  
*Г.Б.Абдрахманова*

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ» МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №3**

**Қатысқаны:** директор, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібі:**

1. Мектептің әдістемелік қызметінің I жартыжылдықтағы жұмысын талдау;  
**Бірлестік жетекшілері:**  
**қоғамдық гуманитарлық ӘБ – Тоташева А.Ж.**  
**бастауыш ӘБ жетекшісі – Жумбаева З.А.**  
**математика-жаратылыстану ӘБ жетекшісі – Журкаева Б.А.**  
**эстетикалық ӘБ жетекшісі – Мухамедина Б.М.**
2. Мектепшілік және аудандық олимпиадалардың қорытындысы;  
**С.Айкишева**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Тоташева А.Ж. қоғамдық гуманитарлық ӘБ жетекшісі. Қоғамдық - гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: «Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру жұмысының озық әдіс – тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру». ӘБ жұмысының мақсаты: Бәсекеге қабілетті тұлғаны оқытудағы мұғалімдердің құзырлықтары мен кәсіптік шеберліктерін жетілдіру бағытында жұмыстар ұйымдастыру. Әр мұғалімнің мектеп пен әдістемелік бірлестік тақырыбына сәйкес өз білімін жетілдіру тақырыптары бар.

Қоғамдық - гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің құрамына 9 мұғалім енеді. Мұғалімдер сапасының құрамы талапқа сай. Маман емес мұғалімдер жоқ. Жоғары білімді – 8 мұғалім, арнаулы орта білімді – 1 мұғалім. 3 мұғалім – педагог марапшы, 3 мұғалім – педагог модератор, санаты жоқ мұғалім – 3 (М.Ақылбеков, М.Кульманов, И.Сайлаубекова).

Тамыз айының соңғы күндерінде қоғамдық – гуманитарлық пән мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің бірінші отырысы өтті. Отырыста мұғалімдер нормативтік құжаттармен, соның ішінде мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқау хат және пән бойынша бағдарламалармен танысты. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары талданып, бекітілді. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары, оқу жоспарының жылжымалы бөлігіндегі таңдау пәндерінің бағдарламалары қаралып, бекітуге жіберілді.

Бақылау жұмыс дәптерлерінің әр сыныпта басталғандығын тексеру, сондай-ақ күнделікті жұмыс дәптерлерінің тексеріліп тұруын қадағалау және алғашқы бақылау жұмыстарының кестесі құрылды.

22 қыркүйек «Тілдер айлығы» шеңберінде өткізілетін «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбындағы іс-шаралардың жоспары құрылып, мемлекеттік тіл мәртебесін арттырып, қолданысын кеңейту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектептегі тіл пәндерінен (қазақ, орыс, ағылшын) сабақ беретін мұғалімдер А.Уткельбаева, С.Досмағамбетова, А.Тоташева, С.Диханбаева, Е.Ермұрат, С.Айкишева оқушыларға арнап әртүрлі іс-шаралар өткізді.

Қоғамдық гуманитарлық пәндер бойынша мектепшілік олимпиадаға оқушылар белсенді қатысып, аудандық пән олимпиадасында белсенділік танытты.

ӘБ ұстаздары жоспарға сай жұмыс атқарып келеді.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Жумбаева З.А. бастауыш сынып ӘБ жетекшісі. Әдістемелік бірлестікте 8 мұғалім бар. 6 мұғалім - жоғары білімді, 2 мұғалім - арнаулы орта білімді. Зерттеуші - 2, сарашы - 4, модератор - 2.

Тамызайында бірлестік отырысы өтті. Өткен оқу жылына талдау жасалды. Әр сынып жетекшісі күнтізбелік жоспары және оқу жылына жұмыс жоспары құрастырылып бекітілді.

Оқушылар барлық сыныптарда да оқулықтармен қамтылды. «Алиаты кітап» баспасының оқулықтарымен жұмыс жасаймыз.

«Мектепке жол» акциясы бойынша сынып жетекшілері жұмыс жүргізді. Бастауыш сынып оқушылары толығымен ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

1 қыркүйек білім күніне арналған «Менің отаным Қазақстан» тақырыбында алғашқы ашық сабақтарын өткізді.

Сынып жетекшілері өз сыныптарының оқу білім, дағдыларын үнемі тексеріп отырады. I жартыжылдықта I сыныпқа баға қойылмайды. Оқу білім дағдылары жақсы қалыптасып келеді. Оқуға деген бейімділігі, ынтасы өте тамаша.

Оқушылардың жазба жұмыс дәптерлері, күнделікті жұмыс дәптерлері үнемі тексеріліп отырады. Білім сапасын арттыру мақсатында, мұғалімдердің сабақ өту дәрежесін көтеру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру жұмыстары жүргізіледі.

Сабақты нашар үлгеретін оқушыларды тізімге алып, сынып жетекшісі, пән мұғалімі баланың ата анасымен тығыз байланыс орнатып, қадағалауда. Сынып жетекшілер жеке жұмыс жүргізіп отырады.

Ұстаз жыл бойына республикалық облыстық аудандық, мектепшілік сайыстарға белсене араласып қатысып отырады.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Журкаева Б.А. математикалық ӘБ жетекшісі. Әдістемелік бірлестігінің жұмыс тақырыбы: «**Математика пәні әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің жұмысын ұйымдастыру арқылы оқушылардың білім сапасын және шығармашылық қабілеттерін дамыту**»

**Мақсаты:**

Педагог қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен ізденушілік, зерттеушілік ғылыми байланысын орнату арқылы шәкірт интеллектісін көтеру, білім сапасын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Міндеттері:**

- Әр оқушының білім деңгейін көтеру мақсатында жаңа педагогикалық технологиялардың тиімді әдістерін қолдану;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға ыңғай туғызу;
- Уәжі төмен оқушылармен жұмысты тереңдету;
- Оқу – әдістемелік кешендерді жаңартып отыру;
- Оқу – тәрбие процесінде шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану;
- Ата – ана, мектеп, қоғам, психолог арасындағы байланысты жетілдіру;
- Мектепшілік, аудандық, облыс көлеміндегі пәндік олимпиада, интеллектуалдық байқауларға қатысу,

- Оқушы бойындағы өзін – өзі дамыту, өзін – өзі тәрбиелеу, өзін өзі басқару, шешімін таба білу қабілеттерін қалыптастыру;
- Жаңа заман талабына сай ізденгіш, жауапкершілігі зор, талапты жеткіншек қалыптастыру

Әдістемелік бірлестікте 8 мұғалім бар. Барлығы жоғары білімді. Зерттеуші - 5 , сарапшы - 1, педагог-модератор-1 санаты жоқ – 1 (Касенова Г. жас маман).

Тоқсан сайын әр сыныптың оқу үлгерімі жеке қаралып бірлестік ұстаздарының арасындағы талқыланады. Үлгерімі төмен оқушыларға мұғалім жеке тапсырмалар беріп, қосымша сабақ беріп осындай жетістікке жетеді.

Оқушылар мектепішілік олимпиадаға қатысып, аудандық кезеңіне дайындық үстінде.

Жылдағы дәстүрге арналған «Кенгуру» олимпиадасына оқушылар белсене қатысады.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Мухамедина Б.М. эстетикалық бірлестік жетекшісі. Эстетикалық әдістемелік бірлестігі дене шынықтыру, көркем еңбек алғашқы әсері дайындық пәндері ұстаздары құрамынан тұрады. Барлығы 7 ұстаз.

**Мақсаты:** Мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық қасиеттерінің өсуіне жағдай жасау және соның нәтижесінде дене шынықтыруды оқытудың сапасын арттыру.

**Міндеттері:** 1. Мұғалімдерді әдістемелік жетілдіру мақсатында сабақта қолданылатын оқыту әдістерінің, формаларының, әдістерінің, технологияларының жүйесін құру.

2. Педагогикалық жетілдіру үшін қолданылатын технологиялардың орындылығы туралы қорытынды жасау.

3. ҚД қалыптастыру мен дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды меңгеруде мұғалімдердің әдістемелік деңгейін жетілдіру

4. Физикалық және интеллектуалдық мүмкіндіктері жоғары балалармен жұмыс жүйесі дамытуды жалғастыру.

Дене шынықтыру және спорттың негізгі міндеті – барлық оқушыларды дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыстарды ұйымдастыру деңгейі мен сапасын арттыру, осы негізде денсаулықты нығайту, бос уақытты тиімді өткізуді қамтамасыз ету, оқушылардың оңтайлы дене дайындығы. Бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыстардың нысандарының ішінде спорт секцияларындағы, спартакиадалардағы және әртүрлі спорттық іс-шаралардағы сабақтар, күнтізбелік жарыстар мен жолдастық кездесулер, денсаулық күндері мен спорттық іс-шаралар, спорт айлықтары, оқу күніндегі дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары, үгіт-насихат жұмыстары.

Оқу жылы ағымында балаларды мектеп және спорт секцияларына тарту, спорт мектептеріне дарынды балаларды іріктеу жұмыстары жүргізілді.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. Әр баланың жеке қабілетін анықтап, шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы, бүгінгі күннің басты талабы. Осыған орай біздің мектепте де оқушыларға арналған пән олимпиадасы өткізілді. Олимпиада қорытындылары 3-желтоқсан күні мектепте жарияланып, жеңімпаздарға мадақтамалар табысталды. Пән олимпиадасы – оқушы білімін саралайтын сынақ. Мектепішілік пән олимпиадасы оқушылардың білім деңгейлерін анықтаумен шектелмей, олардың оқуға деген мотивациясын ояту, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында өткізілді.

*Мектептегі олимпиаданың негізгі мақсаты:*

-оқушының ой-өрісін кеңейту;

-оқушының пәнге қызығушылығын дамыту;  
-мектепшілік, аудандық олимпиадаларда оқушының өзін көрсетуге дайындау, оқушымен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру.

Мектепшілік олимпиада қорытынды жасалып, оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. Аудандық кезенге жолдама алған оқушылар тізімі құрылып, дайындық жұмыстары жүргізуліде.

### Шешімі:

1. Мектепшілік ӘБ жұмыстары жоспарға сай орындалсын;
2. Аудандық пән олимпиадасына оқушыларды дайындау мақсатында пән мұғалімдері жеке жұмыс түрлерін қолдансын.

*Жиналыс төрағасы:*  
*Хатшы:*



*С.Т.Абдикаримова*  
*Г.Б.Абдрахманова*

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ» МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №4**

**Қатысқаны:** директор, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.  
**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібі:**

1. 3-ші тоқсанның қорытындысы.  
**С.Досмагамбетова**
2. Жас мұғалімдер тәлімгер есебі  
**С.Абдикаримова**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Досмагамбетова С.А. директордың оқу ісі орынбасары. III тоқсанның басындағы негізгі жалпы білім беру деңгейіндегі білім алушылардың жалпы саны 238 құрады. Сыныптар бойынша III тоқсанның нәтижелері туралы мәліметтер кестеде көрсетілді. Сыныптар бойынша нәтижелерді салыстыру бірге II тоқсан диаграммалары келтірілген. Оқу бағдарламаларын талдау нәтижелерді сапа деңгейінің өсуі сыныптарда байқалады.

Пән мұғалімдері III тоқсанда сабақ барысында түрлі әдіс тәсілдермен жұмыс жасады. Оның ішінде миға шабуыл, сын тұрғысынан ойлау, АКТ, жас ерекшелігін ескеру, талантты және жеке жұмыс әдістері қолданылды.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** С.Абдикаримова математика пәні мұғалімі, педагог зерттеуші. 2022 – 2023 оқу жылы мектебімізге конкурс нәтижесімен жұмысқа қабылданған биология пәні мұғалімі Касенова Г.К. тәлімгерлікке алдым. Гульназ Каримовна жоғары білімді биология пәні мұғалімі. Оқу жылы басында жас маманмен жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Жоспарға сай жұмыс орындалуда. Ең алдымен жас мамандарды педагог жұмыстарды және ережелерімен таныстырдым. Оқу жылының басында пәні бойынша оқу бағдарламамен таныстырып, түсіндіріп өттім.

Сағат жүктемелерін ескере отырып, күнтізбелік тақырыптық жоспар құрдық. Күнделікті сабақ жоспарын құруда әдістемелік көмек көрсеттім. Жас маманның сабақтарына қатысып отырдым. Жас маманның алғашқы сабағына сыни көзбен қарау мақсатында емес, үйрету, бағыттау мақсатында қатыстым. Тексеру жұмыстары кемшілік іздеу бағытында емес, түзету мақсатында қатыстым.

I жартыжылдықта жасалған жұмыс нәтижелері алдағы уақытта он бағасын береді деп ойлаймын. Алда апталықта ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс шаралар жоспарланған. Жалпы айтқанда жас маман мамандығын жақсы көреді. Алдағы уақытта көптеген жұмыстар жүргізіледі деп сенемін.

**Шешімі:**

1. Үлгерім сапасын көтеру мақсатында жұмыс жүргізілсін;
2. Жас маманмен жұмыс жоспарға сай ұйымдастырылсын.

*Жиналыс төрағасы:*  
*Хатшы:*

*С.Т.Абдикаримова*  
*Г.Б.Абдрахманова*

*С.Т.Абдикаримова*  
*Г.Б.Абдрахманова*

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ» МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №5**

**Қатысқаны:** директор, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібі:**

1. Бітіруші сыныптарды қорытынды аттестаттауға дайындау.  
**С.Досмагамбетова**
2. 2022/2023 оқу жылының аяқталуы бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу.  
**С.Досмагамбетова**
3. 2022/2023 оқу жылының қорытындысы.  
**С.Айкишева**
4. 2023/2024 оқу жылына жоспарлау  
**С.Айкишева**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Досмагамбетова С.А. директордың оқу ісі орынбасары. Мектеп бітірушілерді қорытынды аттесттау мен тестілеуге дайындық жұмыстарын ұйымдастырып өткізудің жоспары құрылды. Түлектерді қорытынды аттесттау мен тестілеуге даярлаудың жоғары нәтижелі болуына төмендегі сұрақтар қамтылды;

- Ақпараттық жұмыстарының ұйымдастырылуы;
- Пәндік дайындық;
- Білім беру сапасының мониторингі;
- Психологиялық дайындық;
- Құжаттарды рәсімдеу.

2022 – 2023 оқу жылының аяқталуы бойынша нормативты құжаттарды зерделеу жұмыстары бойынша жұмыс тобы құрылып, бұйрық шығарылды.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. 2022 – 2023 оқу жылының қорытынды жайлы баяндады. Салыстырмалы мониторинг көрсетілді. Жыл басында қойылған жұмыс міндеттері мен күтілетін нәтижелер талданды. Мектеп мұғалімдерінің оқу жылы бойы орындаған жұмыстары мен жеткен жетістіктері жайлы айтылды.

2023 – 2024 жаңа оқу жылының ұсынымдар айтылды. Жаңа оқу жылында бірінғай білім беру кеңістігін құруды қамтамасыз ететін, педагогикалық процестің барлық қатысушылардың қызметін үйлестіру жұмыстары жоспарланып отыр.

**Ұсынымдар**

- мектептің материалдық техникалық қамтамасыз етілуін кеңейтуді жалғастыру;
- оқушылардың білім деңгейін арттыру;
- пән мұғалімдері оқушылармен ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып және олимпиадаларға дайындық бойынша жұмыс түрлерін жетілдіру;
- әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жоспарлауды оқыту әдістемелерін, оқыту технологияларын меңгеруге, оқушылардың ғылыми – зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруға, педагогтардың инновациялық іс-әрекетке қызығушылығын арттыру мақсатында әріптестерінің тәжірибесін жинақтап, таратуға бағыттау;

**Шешімі:**

1. Бітіруші сыныптар емтихан кестесі бойынша қорытынды аттестаттаудан өтсін;
2. Жаңа оқу жылына ұсынымдар қаралып жоспарға енгізілсін.

**Жиналыс төрағасы:**

**Хатшы:**



**С.Т.Абдикаримова**

**Г.Б.Абдрахманова**